

## 2006 Кіріспе

### Халықаралық Діни Бостандық Жөніндегі Есеп Беру Демократия, Азamatтық Құқық, және Еңбек Бюросы Басып шығарды

#### Неліктен Есеп Беру Дайындалады

Конституция діни бостандыққа кепілдік береді және үкімет әр түрлі діни қауымдастықтардың діни ғибадат ету шараларына кедергі келтірмейді. Жергілікті лауазымды қызметкерлер кейде белгілі бір дәстүрлі емес діни топтардың діни бостандықтарын шектеуге тырысқанымен, бұндай іс-әрекеттерді түзету үшін мәселеге әдетте жоғары лауазымды басшылар немесе соттар араласып жатады. Дін бостандығының жалпы жағдайы осы баяндама қамтитын уақыт аралығында біршама нашарлады. Конституцияның діни бостандықты қорғайтын шараларын шектейтін 2005 жылғы заң әлі күшінде. 2005 жылдың 8 шілдесінде күшіне енген Ұлттық қауіпсіздік туралы заңға енгізілген өзгертулер миссионерлер мен діни ұйымдардың тіркелуін талап етеді. Кішігірім және дәстүрлі емес топтарды қоса алғанда көптеген діни ұйымдар бұл өзгерістер діни іс-әрекеттерге айтарлықтай өзгеріс алып келген жоқ деп хабарлады. Тіркелмеген діни бірлестіктер өздеріне қарсы сот әрекеттерінің көбейгенін және тіркелмегендігі үшін салынған айып мөлшері өскенін айтты.

Осы баяндама қамтыған уақыт ішінде діни ұйымдарға қысымшылық көрсету деңгейінде өткен жылмен салыстырғанда өзгеріс жоқ. Діни ұйымдарға тексеріс жасайтын жергілікті заң қорғау органдарының хабарламалары өткен жылмен салыстырғанда өзгермеді. Көптеген діни ұйымдар үкімет тарапынан жалпы алғанда жақсы қарым-қатынастың болғанын айтты.

Қоғамдағы діни топтардың арасындағы жалпы жақсы қарым-қатынас діни бостандыққа өз оң септігін тигізді.

АҚШ үкіметі жергілікті өкімет өкілдерімен діни бостандық мәселелерін адам құқықтарын қорғау және қолдау саясаты шеңберінде талқылауда. Елші және АҚШ-тың басқа да мемлекет тұлғалары Қазақстанның діни ұйымдар арасындағы байланыс пен өзара түсінісушілігін күшейту жолындағы талпыныстарын қолдайды. Жеке және қоғамдық сектордың барлық деңгейінде диалог жүргізетін АҚШ мемлекеттік қайраткерлері кез келген жаңа заңның Қазақстанның діни бостандықты қорғайтын Конституциясының қағидаларына және ел ішінде қалыптасқан діни төзімділік дәстүріне сәйкес болуын қолдайды. АҚШ елшілігі мен Мемлекеттік департаменттің өкілдері діни мекемелерді аралап, діни ұйымдардың басшыларымен пікір алмасып, Қазақстан үкіметінің тиісті лауазымды өкілдерімен алаңдаушылық туғызған нақты мәселелерді талқылады. Берілген баяндама қамтитын уақыт барысында АҚШ елшілігі мұсылман және басқа дін басыларының Америка Құрама Штаттарына барып, әріптестерімен кездесуін қаржыландырды. АҚШ елшілігі әртүрлі діни топтармен жалғасын тапқан байланыстар орнатты.

I Бөлім. Діни демография

Мемлекет аумағы 1,052,540 шаршы миль, ал халық саны мемлекеттік агенттіктің 2006 жылғы қаңтар айындағы статистикасына сай 15,219,300 адам.

Этникалық жағынан халқы көп тектес және әр түрлі діни топтар кездеседі. Көшпенділік және кеңес тұрмыс-салтының ішінара ықпалына байланысты кейбір тұрғындар өздерін ешқандай дінге жатқызбайды. Бірнеше зерттеушілердің пайымдауынша және жүргізілген сауалнамалардың көрсетуінше, халықтың діни сенімі және діни ғибадат ету рәсімдеріне қатысу деңгейі төмен. Үкімет тіркелген конгрегациялар мен ұйымдар саны жөнінде статистика жүргізеді, алайда әр бірлестіктің көлемі жөнінде мәлімет жоқ. Діни ұйымдар жайында соңғы толық және сенімді статистика көрсеткіштерін 1999 жылы өткен халық санағынан алуға болады. 1999 жылдан бері тіркелген, құрамы жағынан шағын конгрегацияға жататын топтардың саны айтарлықтай өскенімен, Қазақстан үкіметі белгілі бір дінге сенушілердің пайызы бірқалыпты деп санайды.

Халықтың жартысын құрайтын этникалық қазақтар мен 10 пайызын құрайтын этникалық өзбектер, ұйғырлар және қырғыздар Ханафи мектебінің сунниттеріне жатады. Халықтың 1 пайыздан кем бөлігі біріккен басқа исламдық топтарға шафид сунниттер (әдетте шешендер), шиаттар, суфисттер және ахмадилер жатады. Өздерін мұсылман деп танығандардың басым көпшілігі елдің Өзбекстанмен шекаралас оңтүстігінде шоғырланған. Құрамы едәуір үлкен этникалық орыстар, саны жағынан шағын украиндар мен беларустар православиялық христиандар болып табылады. Бұлардың барлығы бірігіп, халықтың үштен бірін құрады. Шамамен халықтың 1,5 пайызын этникалық немістер құрайды. Олардың көпшілігі римдік католиктерге немесе лютерандарға жатады.

Мемлекеттік статистика агенттігінің мағлұматтарына сүйенсек, протестандық христиандардың конгрегациясы орыстардың православиялық конгрегациясынан саны жағынан жоғары, алайда протестандық дінді ұстанатындардың саны көп емес секілді. Осы құжат қамтитын уақыт барысында Қазақстан үкіметі 93 дәстүрсіз протестандық христиандардың шіркеуі және осы шіркеулерге қызмет ететін 45 шетел миссионері тіркелгенін хабарлады.

Елде баптистік екі топ: Евангелиялық христиандар мен баптистер шіркеулерінің кеңесі («Шіркеулер кеңесі») және Евангелиялық христиандар мен баптистер одағы («Баптистер одағы») болды. Алайда сенушілері 1000-ға жуық «Шіркеулер кеңесі» жөнінде нақты статистика болмағанымен, «Баптистер одағының» сенушілер саны 10 000-нан асты. Қазақстан үкіметі Баптистік одаққа қарайтын 198 шіркеуді және сол шіркеулерде қызмет ететін 22 шетелдік миссионерді санаққа алғанын хабарлады.

Басқа айтарлықтай көлемді конгрегацияларға пресвитериандар, лютерандар, йегова куәгерлері, жетінші күн адвентистері, пентекосталдар және басқалар жатады. Кішігірім методистер, меннониттер және мормондар қауымдастықтары тіркелген. Осы баяндамада қамтылған уақыт барысында, Қазақстан үкіметі оңтүстік корейлік

протестандық шіркеулердің елде тіркелген конгрегациялары мен миссионерлерінің санының өскенін хабарлады

Елде римдік католик архиепископының епархиясы болды. Оның құрамына елдің 2 пайызы кірді. Оның ішінде этникалық украиндар және немістер болды. Мемлекет елдің түкпір-түкпірінде тіркелген 83 римдік католик шіркеуі және соған қатысты ұйымдардың бар екенін хабарлады. Жыл барысында үкімет 198 римдік католик дін басын және миссионерін тізімге алды. Құрамының көп бөлігі этникалық украиндардан тұратын кішігірім грек католиктерінің қауымдастығы 3 шіркеуін тіркеді. Онда 9 шетелдік дін қызметшісі мен миссионер жұмыс атқаруда.

Халықтың 1 пайызынан кем бөлігін біріктіретін еврейлер қауымдастығының Алматы, Астана және Павлодар сияқты ірі қалаларда синагогалары жұмыс істеді. Алматыдағы раввиндер діни рәсімдерге келушілер мен діни білімге қызығушылар саны көбейгенін хабарлады. Үкімет 8 шетелдік раввин мен еврей миссионерін тіркегендігі жайында хабардар етті.

Қазақстан үкіметі осы баяндамада қамтылған уақыт аралығында 58 дәстүрсіз діни тобын тіркеуге алды. Оның ішінде харе кришна, бахаис, христиан ғалымдары және унификация шіркеуінің өкілдері бар. Сонымен қатар, 4 буддист топтары да тіркелді.

Мемлекеттік статистика агенттігінің мағлұматына сүйенсек, 2006 жылдың қаңтар айында елде 413 шетелдік миссионер қызмет етуде. Тіркеуден өткен миссионерлердің көпшілігі – Оңтүстік Корея, Ресей және басқа бұрынғы кеңес елдерінен келген христиандар. Ресми тіркелген 8 мұсылман дінін уағыздаушыдан басқа, бірнеше тіркеуден өтпеген миссионерлер елдің оңтүстігінде белсенді қызмет ететін көрінеді.

## II Бөлім. Діни бостандықтың хал-күйі Заңнамалық және саяси негіздері

Конституция діни бостандыққа кепілдік береді және үкімет әртүрлі діни қауымдастықтардың діни ғибадат ету шараларына кедергі келтірмейді. Алайда, жергілікті және аймақтық басшылар кейде бірнеше діни топтардың, әсіресе дәстүрлі емес діндерді ұстанатын топтардың діни бостандықтарын шектеуге тырысты. Конституция мемлекетті зайырлы деп танып, азаматтарына діни ұстанымдардан бас тарту бостандығын береді.

Дегенмен, Қазақстан үкіметі 2005 жылдың шілде айында Ұлттық қауіпсіздік заңына өзгертулер енгізіп, діни бостандықты қорғайтын заңдар қатарын сиретті. Бұл өзгертулер діни ұйымдардың үкіметте және конгрегациялары орын тепкен жергілікті облыстарда тіркелуін талап етті. Бұдан басқа бұл толықтырулар мемлекеттің лауазымды өкілдеріне діни ұйымдардың іс-әрекеттерін әкімшілік себептермен тоқтатуға құқық берді. Мемлекет ашық түрде өзінің діни төзімділік пен әралуандылықты қолдайтынын жария етуде.

Ұлттық дін заңы діни ұйымдардың тіркелуін ашық талап етеді, алайда Конституцияға сәйкес, әр адам кез келген дінді «жеке өзі немесе топпен бірге ұстануға» хақылы. Ұлттық қауіпсіздік заңына 2005 жылғы өзгертулер енгізілгенге дейін діни ұйымдар тек жылжымайтын мүлік сатып немесе жалға алу, еңбеккер жалдау немесе қандай да бір заңды іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында заңды тұлға мәртебесін алғылары келсе ғана тіркеуге тұратын. Діни ұйым ретінде тіркелу үшін ол ұйымның кемінде 10 мүшесі болуы қажет және Әділет министрлігіне өтініш жазуы керек. Іс жүзінде, көптеген діни ұйымдар мемлекеттік тіркеуге тұруды қалайды және кейбір қиыншылықтармен тіркеліп те қойған.

2005 жылдың желтоқсан айында үкімет Әділет министрлігі құрамында Діни істер жөніндегі комитетті құрды. Бұл комитет Премьер-Министрге есеп берген Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің орнына құрылды. Діни істер жөніндегі комитет діни топтар мен үкімет арасындағы байланыс қызметін атқарады. Сонымен қатар, ол үкіметке діни ұйымдарды тіркеуге алуға кеңес береді. Осы комитеттің 22 қызметкерінің көбі бұрынғы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңесте қызмет атқарған.

2004 жылы Әділет министрлігі тіркелудің жаңа әрі қысқа жолын ұсынды. Діни ұйымдар бұл жаңа тіркеу тәртібі біршама тиімдірек болды деп хабарлады. Дін туралы заңның 9 бабы жергілікті діни бірлестіктердің Әділет министрлігінің аймақтық әкімшілігінде тіркелуін талап етеді. Діни ұйымдар көп жағдайда қиыншылықсыз тіркелгенімен, бірнеше шағын діни топтар Әділет министрлігінің жергілікті өкілеттіктері кейбір кезде болар-болмас әкімшілік қателіктерді желеу етіп, тіркеуді кешіктіріп не тіптен рұқсат бермегенін айтты. Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының басшылығы, бірнеше топтың айтуынша, дәстүрлі емес діни топтарды тіркеуге қарсы болды.

«Шіркеу кеңесі» бұрынғы кеңес мемлекеттерінде тіркелуге талпынбау немесе тіркеуді қабылдамау саясатын ұстанады. «Шіркеу кеңесі» 1961 жылы өз конгрегацияларын тіркеуге ешқандай қарсылық көрсетпейтін «Баптистер одағынан» бөлініп шықты. «Баптистер одағы» баяндама қамтыған мерзім ішінде тіркелуге ұмтылған конгрегациялардың барлығы сәтті тіркелінді деп хабарлады.

Йегова куәгерлерінің діни орталығы жергілікті Әділет министрлігінің ресми өкілдері 2001 жылдан бастап орталықтың филиалын Атырау облысында тіркеу туралы өтінішін қанағаттандырмай келгенін хабарлады.

Өткен жылдардағыдай, үкіметтің лауазымды қызметкерлері бірнеше рет елдің оңтүстігінде саяси және діни экстремизмнің өршуіне уайымдаушылығын білдірді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) елдегі «діни экстремизмге» қарсы күресті ішкі барлау қызметінің ең бір маңызды жұмысы деп есептейді. 2005 жылдың ақпан айында күшіне енген экстремизмге қарсы заң барша діни және басқа ұйымдарға қатысы бар. Бұл заңға сәйкес, үкіметтің қандай да бір ұйымды экстремисттік топ деп анықтап-белгілеп, топ мүшелерінің іс-әрекеттеріне тыйым салып, ұйымға мүшелікті қылмыстық әрекет деп тануға ауқымды құзіреті бар. 2005 жылдың

наурыз айында Хизбут-Тахрир саяси қозғалысы экстремизмге қарсы заңға сай алғашқы тыйым салынған ұйым болып танылды. Осы баяндамада қамтылған уақыттың соңында басқа ешқандай саяси емес ұйым экстремистік қауіп ошағы болып танылмады.

Сайлау туралы заң этникалық, жыныстық және діни сенімдерге негізделген саяси партиялар құруға тыйым салады.

2002 жылы Конституция кеңесі белгілі бір заң бабы шіркеу мен мемлекетті ажырататын конституциялық қағиданы бұзатынын айтты. Бұл шарт бойынша, Алматыда бас муфти жетекшілік ететін ұлттық ұйым – Қазақстан мұсылмандарының рухани одағының кез келген жаңа мұсылман ұйымын тіркеуге өз келісімін беру-бермеу құқығы болатын. Кеңес бұл шарт, сонымен қатар, Конституция кепілдік беретін діни нанымдарды еркін тарату құқығына нұқсан келтіретіндігін атап айтты.

2005 жылдың басында Президент Назарбаев ел имамдарымен кездесуі кезінде суннит мешіттері Қазақстан мұсылмандарының рухани одағымен қосылу керектігін айтты деген хабар тарады.

2005 жылдың мамыр айында, баспасөздің хабарлауы бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі жергілікті заң қорғау агенттіктерімен бірге литургиялық ортодоксальдылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан мұсылмандарының рухани одағына қосылмаған имамдар мен конгрегацияларды аталмыш одаққа қосылуға қысым көрсету мақсатымен сол өңірдің имамдарымен кездескен. Басқа да облыстар әкімдері жергілікті имамдармен осындай кездесулер өткізіп, оларды аталған одаққа қосылуға шақырғаны туралы расталмаған хабарламалар болды. Елдің бас имамы бірнеше рет жұрт алдында дәстүрлі емес діни ұйымдардың көбейгеніне өкініш білдіріп, дәстүрлі емес деген діни топ деп орыс православия шіркеуіне немесе Қазақстан мұсылмандарының рухани одағына жатпайтын кезкелген конгрегацияны атайтындығын айтқан-ды. Иран және Орталық Азияда мамыр айында өткен суфизм туралы конференцияда бірнеше жергілікті суфизм ағымының өкілдері Қазақстан мұсылмандарының рухани одағын «Ваххабизмді» насихаттап, мұсылмандар арасында өшпенділікті өршітті деп айыптады. Бұл айыпты аталған одақ мойындамады. Қазақстан мұсылмандарының рухани одағының беделі мен ықпалына қарамастан, үкімет одаққа бірікпеген мешіттер мен мұсылман ұйымдарын тіркеуге алуды жалғастырды.

Ешқандай заң немесе реттеу шаралары шетелдік миссионерлік іс-әрекеттерге тыйым салмайды. Шетелдік миссионерлер, басқа да елге келушілер сияқты көші-қон полициясында тіркеліп, сапарларының мақсатын көрсетулері тиіс. Ал 2005 жылдың шілде айында қабылданған өзгертулер мен толықтырулар шетелдік миссионерлерден жыл сайын Әділет министрлігінде тіркелуін, діни ұйымдарға мүшелігі, миссионерлік әрекет жасау аймағы және сол әрекеттің болатын уақытын мәлімдеуін талап етеді. Миссионерлік әрекет жүргізуге қажетті әдебиеттер мен басқа материалдар тіркеу өтінішімен бірге тапсырылуы қажет; тіркеу кезінде көрсетілмеген материалдарды қолдану заңсыз болып саналады. Бұған қоса, діни

уағыздаушылық әрекетпен шұғылданушы тұлға қаржылай қолдау көрсететін ұйымның тіркелгені жөнінде ресми құжаттар мен сол ұйымның атынан жұмыс істеуге рұқсат қағаздарын ұсынуы қажет.

Әділет министрлігі заңға қайшы әрекеттермен айналысатын және дінаралық немесе этносаралық өшпенділік тудыратын миссионерлерді тіркемеуге құқылы. Конституцияның талабы бойынша, шетелдік діни бірлестіктер өз қызметін - оның ішінде діни ұйым басыларын тағайындау да бар – «тиісті мемлекеттік басқармамен келісе отырып» жасаулары қажет. Шетелдіктер заң бойынша діни ұйым құрып, оны тіркеуге хақылы, алайда үкімет сол ұйымның негізін салушы он адамның көбі Қазақстан азаматтары болуын талап етеді.

Баяндама қамтитын уақыт аралығында бір ұйым өз миссионерінің Оңтүстік Қазақстан облысынан көшіп, Алматыда миссионерлік әрекетпен шұғылдануға рұқсат аларда біршама қиыншылыққа кезіккенін мәлімдеді. Бұл ұйым Алматыда осындай қызмет көрсетуге 2006 жылдың мамыр айында тіркеуге тұрды. Тағы бір екі ұйым елге кіруге рұқсат ала алмады, оған себеп бұл ұйымдардың ТМД елдерінің виза беруге тыйым салынған қара тізімінде тұруы болды. ТМД елдерінің арасындағы келісімге байланысты, Қазақстан үкіметіне бұл тізіммен санаспаққа болмады. Тағы бір жағдайды алсақ, бір миссионер елде 10 жыл жұмыс істеген, ал оның жанұясы Қарағандыда тұрған. Көптеген шетелдік миссионерлер жергілікті және ұлттық басқару органдарымен жақсы қарым-қатынаста екендіктерін айтты.

Қазақстан үкіметі мемлекеттік мектептерде дінге оқытуға рұқсат бермейді. Жалпы орта білім зайырлы болуы тиіс, бірақ кейбір зайырлы мектептер жекеменшік болып табылады. Үйден білім алуға тыйым салынған. Ол тек мектепке дейінгі дайындық деңгейінде және шетелдік азаматтардың балаларына ғана рұқсат етіледі. Ата-аналар балаларын ресми түрде тіркелген ұйымдар жүргізетін қосымша дін сабақтарға қатыстыра алады.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңға 2005 жылдың шілде айында енгізілген өзгертулер мен толықтыруларда діни дайындық баланың жалпы дамуына немесе жаны мен тәнінің саулығына зиян келтірмейді делінген. Дегенмен, олар бұл зиян қалай өлшенетінін немесе мұндай тұжырымды қандай агенттік шығаратынын атап айтпаған. Қазіргі заң Білім министрлігінің рұқсатынсыз діни топтардың жастарға дәріс беруіне тыйым салады. Бұл рұқсаттың жоқтығы діни дәріс беруді көздейтін діни ұйымды тіркеуден бас тартуға негіз бола алады деген сөз. 2005 жылдың басында Білім министрлігі мұғалімдерге арнайы хабарлама жасап, балалардың діни немесе саяси экстремизмнің ықпалына түскеніне ишара жасайтын іс-әрекетке қырағы болуды тапсырды. Бұндай ескертпелер баяндамада қамтылған уақыт барысында қайталанып тұрғаны жөнінде расталмаған хабарламалар болды, алайда оқушылардың діни дәріс алуы туралы мұғалімдердің арыздары нәтижесінде болған сот процестері жөнінде хабарламалар болған жоқ.

Үкімет тіркеуден өткен діни ұйымдарды мүшелерінен ақша жинаудан және кейбір діни шаралардан түскен пайдаға салынатын салықтан босатты. Десе де, кейбір

қызметтер үшін ақы төлеуге тура келді. Мысалы, діни ғимараттарды өрттен қорғаумен айналысатын фирмалардың қызметі ақылы және бұндай қызметті үкімет көрсетпейді. Үкімет діни ұйымдарға ғимараттар мен жер бөліп, жаңа мешіттер, синагогалар және орыс православия шіркеулерін тұрғызуға қол ұшын берді.

Үкімет елдегі ең үлкен діни топтардың басыларын, атап айтсақ, ислам және орыс православиесі жетекшілерін кейбір мемлекеттік жиындарға бірге қатысуға шақырды. Мұндай кездесулерден рим католиктері мен еврей дін басылары да тыс қалмады. Өзгелері де, атап айтсақ баптистер, пресвитериандар, жетінші күн адвентистері және басқа да дәстүрлі емес діни топтар кейбір жиындарға шақырылып тұрды.

### Діни бостандықтың шектелуі

Толықтырулар мен өзгертулер енгізілген Дін туралы заң бойынша, белгілі бір ұйымның мүшелері жеткіліксіз болған жағдайда немесе жарғысы мемлекеттік заңға қайшы келсе, үкімет діни топтарды тіркемеуге хақылы. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңға сәйкес, кез келген тіркелген бірлестік, діни топтарды қоса алғанда, Конституция және заң талаптарын орындамаса немесе жарғысы мен қаулыларына қайшы келетін жүйелі шаралар жүргізсе, соттың шешімімен үш айдан алты айға дейін қызмет көрсету құқығынан айрылуы мүмкін. 2005 жылдың ақпан айында Парламент бұл заң жобасын одан әрі толықтырды. Енді полиция қызметкерлері, лауазымды тұлғалар және азаматтар жіберілген қателіктерін түзей алмаған немесе қайта-қайта заң бұзған топтар үстінен сотқа шағымданып, олардың қызметін тоқтатуын талап етуге құқылы болды. Бұл толықтырулар экстремизмге қарсы заң жобасы қабылданған кезде енгізілді.

Қызмет ету құқығынан айрылған ұйымдарға баспасөз өкілдерімен ұйым атынан сұхбаттасуға, кездесулер мен жиындар өткізуге, діни қызмет көрсетуге, жалақы төлеу міндетінен басқа қаржы операцияларын жүргізуге тыйым салынған. Үкімет әдетте діни ұйымдардың тіркеу туралы өтініштерін қабылдамай немесе ұзақ уақыт бойы қарастыруының себебін олардың жарғыларының заң талаптарына қайшы келгендігімен түсіндірді. Кейбір жағдайларда мемлекеттік билік органдары ұйым жарғыларының орыс және қазақ тіліндегі нұсқалары бір-біріне сәйкес келмейтінін айтты немесе жарғыларды мамандарға тексеруге жіберді.

Әкімшілік кодексінің 375 бабына сәйкес, билік органдары тіркелмеген топтардың әрекеттеріне тыйым салып, олардың жетекшілеріне айыппұл салуға хақылы. Дін туралы заңға енгізілген соңғы толықтырулар мен өзгертулер 375 бапқа сәйкес тіл үйлесімділігін қарастырады. Осы баяндамада қарастырылған уақыт барысында тіркелмеген топтар аталған бап бойынша қозғалған істердің көбейгендігін хабарлады. Бірінші инстанцияның соты өткен жылдардағыдай әдетте айып тағылғандарды ақтап жатты. Діни топтар 374-1 бап бойынша қозғалған істер туралы хабарлады. Бұл бап Ұлттық қауіпсіздік туралы заңға 2005 жылдың шілде айында енгізілген толықтырулардың нәтижесінде туындаған-ды. Аталмыш бап 375 тарауға қарағанда әлдеқайда көп айыппұл салады. Жергілікті билік органдарының

тіркелмеген діни топтарға айыппұл салуда 374-1 мен 375 баптың қайсысы тиісті екендігін белгілеуге хақылы. Бұл баптар әр жерде әртүрлі қолданылды.

Қүзіретті тұлғалардың тиісті мемлекеттік органға тіркелген барлық ұйымдарды жылына бір рет тексеруге хақы бар. Осындай тексеруден өткен кез келген діни топ тексерудің шамадан тыс мазаны алатын немесе қысым көрсету сипатында болғанын айтты. Діни топтар заңды құқығы бар мекеме ретінде тіркеліп, ферма, мейрамхана немесе жетім балалар үйін ашу сияқты жұмыстармен айналысқан уақытта билік органдары сол ұйымдарды тиісті денсаулық сақтау, тазалық сақтау және басқа да тексерістерден өткізіп тұрды. Билік органдары діни рәсімдер өтетін ғимараттардың қауіпсіздігін, өрттен қорғану талаптарына сәйкес келетіндігін тағы тексерді. Бұл тексерістер, сондай-ақ, тексеруден өткен ұйымдардың тіркелгендігі жайында қосымша ақпарат берді.

Йегова куәгерлерінің діни орталығының жоғарғы үкімет басшылығымен қарым-қатынасы жалпы алғанда жағымды болғанымен, олар жергілікті басқару органдарының біраз қысымшылық көрсеткенін айтты. Аталған ұйым ұлттық деңгейде Астана мен Алматыда және он үш (барлығы он төрт) облыстың бәрінде тіркелген болса да, Атырау облысында тіркелуге талпынысы 2001 жылдан бері сәтсіз аяқталуда. Соңғы рет тіркеу туралы өтініші 2005 жылдың желтоқсан айында тіркеу құжаттарының толық болмауы негізінде қабылданбады. Аталмыш ұйым жергілікті билік өкілдерінің діни жиналыстар өткізу үшін стадион немесе басқа ірі қоғамдық жерлерді жалдауға рұқсат бермеген кездері де болғанын айтады. Дегенмен, бұл бірлестік өтініштеріне әрқалай жауап алғандығын мойындайды. Басқа ешқандай ұйым қоғамдық жерде жиналуға рұқсат ала алмадық деп шағынданған жоқ.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті өкілдері немесе полиция қызметкерлері жеке үйлерде өткен кездесулерге кедергі келтіргендігі жайлы хабарламалар болды. Бірнеше діни топтар заң қорғау органдары өкілдерінің діни ғибадат ету рәсімдеріне кедергі келтірушілік сипатта болмаса да қатысқанын айтты.

Баяндамада қамтылған мерзім ішінде «Шіркеу кеңесі» тіркелмеген діни ұйымдардың шараларына қатысушылардың үстінен бірнеше іс қозғалғандығын айтты. Әкімшілік кодекстің 375 бабын бұзған жеке тұлғаларға сот айыппұл салды. «Шіркеу кеңесінің» мүшелері тіркелмегендігі үшін салынған айыппұлдарды төлеуден бас тартты. Үкімет жалпы айыппұлдардың төленуін қатты қадағаламағанымен, бір жолы айыпталушыларды үш күндік қамауға алған кезі де болды.

«Харе Кришна» ағымы ұлттық және жергілікті деңгейде тіркелсе де, кейбір жергілікті үкімет органдары тарапынан қысымшылықтың жалғасып жатқанын мәлімдеді. Мысалы, Алматы облысында аталған ұйымның меншігіндегі ортақ қожалық жерді тәркілеуді көздейтін бірнеше сот істері болды. Нәтижесінде, 2006 жылдың ақпан айында сот бұл жер учаскесін Қарасай аудандық әкімшілігіне қайтарып беру туралы шешім қабылдады. Себебі, «Харе Кришна» ағымының



мүшелері жерді 1999 сатып алған фермердің сол учаскіге иелік құқығы болмаған және жер дұрыс жекешелендірілмеген. 2006 жылдың 25 сәуірінде жергілікті басшылар сол жерге барып, топ мүшелерінен ферманы босатуды сұрады. Сенушілер бейбіт жолмен қарсылықтарын көрсетті, ал жергілікті басқару органдары мәселені күш қолдану арқылы ушықтырмады. «Харе Кришна» ағымының мүшелері өздерін үкімет дәстүрлі емес діни топқа жататындықтан көздеді деп шағымданды. Олар 2006 жылдың 25 сәуірінде 31 телеарнамен өткен сұхбатта Қарасай әкімшілігінің харе кришнаидтарды «дін ретінде қарастырмайтындықтарын» және мемлекетке қауіп төндіретін ұйым деп атағанын дәйексөз ретінде келтірді. Дегенмен, тәуелсіз діни бақылаушылар бұл істің себебі 1999 жылдан бері сол жердің құнының әлдеқайда өсуінде, яғни қаржы мүддесінде деп сенеді. Адам құқықтарын қолдаушылар мен халықаралық бақылаушылар бұл істі ұлттық деңгейдегі лауазымды өкілдердің назарына ұсынды. Осы баяндама қамтыған мерзімнің аяғында үкімет бұл топ мүшелерін қожалықтың жерінен көшірген жоқ және Харе Кришна ұйымының арызы жоғарғы сотта қарастырылып жатты.

Жер тәркілеу жөнінде іс қозғалмас бұрын, «Харе Кришна» ұйымы Қарасай әкімшілігімен қырғи-қабақ қарым-қатынаста болған. Соның нәтижесінде әкімшілік жиі-жиі тексеріс жасайтын болды деп сенеді харе кришнаидтар. 2004 жылдың өзінде «Харе Кришна» ұйымы полиция, өрттен қорғау қызметі, тазалық сақтау мекемесі, табиғатты қорғау жөніндегі агенттік және жер мәселесін қарастыру комитетінің тарапынан өткізілген он бір түрлі тексерістен өтті, бірнеше рет әртүрлі заң талаптарын бұзғаны үшін айыпталды. «Харе Кришна» ұйымы бірнеше заң бұзушылық әрекеттерін мойындады және оларды түзеуге тырысты. Десе де, өздеріне көршілерімен салыстырғанда көбірек тексеріске ұшырағандарын айтып бақты.

Бақылаушылардың пікірінше, қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері бейресми түрде кейбір діни шараларды, әсіресе мұсылман имамдарының діни өсиет беру рәсімдерін бақылайтын көрінеді. Алайда, бұндай бақылаулар діни шараларға кедергі келтіру немесе қысым көрсету сипатында болды деген мәлімдеме жоқ.

Ахмади мұсылман қауымдастығы шетелдік миссионер мен оның жанұясы виза алу және тіркеу кезінде қиындықтар көргенін хабарлады. 2005 жылдың қараша айында Саид Хасан Таһир Бухари есімді шетел миссионері (Асан Таһир Саид Бухари деген есіммен де таныс) Оңтүстік Қазақстан облысынан Алматыға көшті. Оның тіркеу туралы алғашқы өтініші құжаттар жеткіліксіз және ескірген деген себеппен қабылданбады. Бухари 2006 жылдың мамыр айында Алматы қаласында үкіметтің халықпен байланыс саласындағы қызметкерлерінің көмегінің арқасында тіркеуге тұрды.

Жоғары үкімет те, ұлттық Қазақстандық мұсылмандардың рухани одағы да өз араларында ресми байланыстың барлығын жоққа шығарады. Дей тұрғанмен, үкімет соңғы жылдары бірнеше рет Дін туралы заңға толықтырулар енгізу арқылы аталмыш ұйымға мұсылман топтарын тіркеу және жаңа мешіт салуды мақұлдау

істеріне жартылай құзыр беру мүмкіндігін алға тартқан. 2002 жылы Конституциялық кеңес бұл толықтырулар конституцияға қайшы келеді деп тапты. Десе де, кейбір әкімдер жергілікті имамдар мен мешіттерді Қазақстан мұсылмандарының рухани одағына кіруге біршама қысым көрсетті деген мәлімдемелер жария болды.

Баптистер, харе кришнаидтар және йегова куәгерлері секілді тіркеуге тұрмаған бірнеше діни топтар және бүкіл дәстүрлі емес діни ағымдардың хабарлауынша, олар бұқаралық ақпарат құралдары жаңалықтарында қоғамға қауіп ретінде сипатталды. Кейбір жаңалықтар мемлекет қарауындағы бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болды. Дегенмен, 2006 жылдың 25 сәуірінде болған Харе Кришна ұйымының мүшелерін қожалығындағы жерден ығыстыру оқиғасы мемлекет қарауындағы бұқаралық ақпарат құралдары жаңалықтарында жанашырлық көзқараспен сипатталды.

Діни бостандықты нұқсан келтіру

Өткен және осы жолғы баяндамада белгілі бір діни ұйымның мүшесін өз дініне қарату шаралар қолданғаны үшін ұзақ мерзімге тұтқынға алу туралы мәлімдеме болған жоқ. Тиісті органдардың өкілдері дінге қарату әрекеттерімен айналысқан, бірақ тіркеуден өтпеген миссионерлерге қарсы шара қолданды, алайда, бұл шаралар діни әдебиеттерді тәркілеу, айыппұл салу немесе қысқа мерзімге қамауға алу сияқты шаралармен шектелді.

Елде діни тұтқындар немесе қамауға алынғандар жайында ешқандай мәлімдемелер болған жоқ.

Дінге күштеп қарату

Дінге күштеп қарату туралы ешқандай мәліметтер түскен жоқ.

Діни бостандықты құрметтеу жолындағы оңды істер мен жетістіктер

2005 жылғы заңнамалық кедергілерге қарамастан, Қазақстан мемлекеті басқа ТМД елдеріне қарағанда діни төзімділік пен шағын діни топтардың құқықтарын құрметтеуде едәуір нәтижеге қол жеткізді. Дін басылары өз діндерін бейбіт жолмен ұстану құқықтарына кепілдік беруде үкіметтің атқарған жұмысына оң баға берді. Кейбіреулер Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің бұрынғы төрағасы болған, ал қазір жаңадан құрылған Дін мәселері жөніндегі комитеттің басшысын және Омбудсмен кеңсесін үкіметтегі діни бостандықты қолдаушылар деп таныды. Он төрт облыстың әрбірінде және елдегі тәуелсіз әкімшілігі бар екі қала: Астана мен Алматыда әкімшілік құрамында діни ұйымдармен жұмыс істейтін арнайы қызметкерлер бар. Діни ұйымдар осы лауазымды қызметкерлердің кейбіреулері тіркеу және басқа да заңнамалық мәселелер жөнінде көмек бергенін айтса, ал басқа облыстардағы әкімшілік қызметкерлерін, керісінше, пайдасынан мазасы көп деп бағалады. Бірнеше үкіметтік емес ұйымдар - оның ішінде Алматы-Хельсинки қоры және Халықаралық адам құқықтары мен заңды қорғау жөніндегі ұйымның

Қазақстандағы бюросы бар - діни топтарға тіркелуде заңнамалық көмек көрсетті. Ұлттық және аймақтық құзырлы органдар Діни мәселелер жөніндегі комитеттің қызметкерлерімен бірлесе отырып, жергілікті басшылардың діни топтардың құқықтарын шектеген немесе қиянат жасаған істеріне араласып отырды. Жоғары деңгейдегі лауазымды тұлғалардың бұндай істерге жиі-жиі араласуы діни топтарға қысым көрсетушілік оқиғаларын жергілікті деңгейде азайтты. Баяндама қамтитын уақыт аралығында, ұлттық және аймақтық деңгейдегі құзырлы органдардың белсенділігінің арқасында дәстүрлі емес діни топтар мен жергілікті әкімшіліктер арасындағы қайшылықтар реттелді.

Президент Назарбаев 2003 жылдың қыркүйек айында өзінің «Бейбітшілік және үйлесім» атты бастамасын одан әрі жалғастыру ниетін білдірді. Оны 2006 жылдың қыркүйек айында Екінші дүниежүзілік діндер конгресін ел ордасы Астанада өткізіп, оған бірнеше бұрын-соңды шақырылмаған топтарды шақыру арқылы жүзеге асыратындығын мәлімдеді. Елбасы елдегі қалыптасқан ұлтаралық және дінаралық төзімділікті ашық түрде бірнеше рет мақтан етті. Президент халықаралық дін басылары және қауымдастықтармен байланысын үзбеді.

2006 жылдың маусым айында Сыртқы істер министрлігі Алматыда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен бірлесіп, діни төзімділік мәселесіне арналған кездесу өткізді. Діни ұйымдардың басшылары келер жылда бірнеше үлкен ғибадат ету үйлерін салу туралы жоспарларын хабарлады. Оның ішінде Астанада салынатын орыс православия шіркеуі, Алматы мен Өскеменде бой көтеретін синагога бар.

Мемлекеттік агенттіктің статистикасына жүгінсек, соңғы бірнеше жылдар ішінде діни топтардың саны үнемі өсу үстінде. Егер 2006 жылдың қаңтар айында 3420 ұйым тіркелген болса, олардың саны 2005 жылы 3259, ал 2004 жылы 3157 болатын. «Баптистер одағына», мысалы, 2003 жылы 254 тіркелген топ кірген болса, 2006 жылы ол көрсеткіш 272-ге өсті.

Үкімет өз ішінде діни төзімділікті күшейтуге бағытталған амал-тәсілдерді шыңдауда. Үкіметпен бірлесе заң қорғау органдарына арнап үкіметтік емес ұйымдар өткізген адам құқықтары туралы семинарларда азаматтардың діни құқықтары да қарастырылды.

Үкімет тарапынан орын алған антисемистік сипаттағы істер туралы мәлімет жоқ. Елдің бас раббиді үкіметтің еврей қауымдастығын белсенді түрде қорғайтынын мақтады. Өзінің он жылдан астам қызмет ету барысында ол ешқашан антисемитистік жағдай орын алмағанын айтты. Хизбут Таһрир экстремистік саяси қозғалысы басып шығарып таратқан антисемитизмге үгіттеу үндеулерінен басқа ешқандай әрекеттер туралы мәлімдеме болған жоқ.

III Бөлім. Қоғам тарапынан келетін нұқсан мен кемсіту

Қоғамдағы діни топтар арасындағы жалпы жылы қарым-қатынас діни бостандыққа өз оң ықпалын тигізді. Мемлекет көпұлтты және көп жылдық ұлтаралық

шыдамдылық пен зайырлық дәстүрі бар. Тәуелсіздік алғалы бері, шіркеулер мен мешіттердің саны көбейді. Ауылды мекендердегі халық дәстүрлі емес діндерге әлі күдікпен қарайды.

2004 жылы бұқаралық ақпарат құралдары Ақмола облысының бір ауылды мекенінде «Рақым» миссионерлер орталығының мүшелері мен жергілікті мұсылмандар арасында қақтығыс болғанын хабарлады. Өздерін пресвитериандар деп таныған миссионерлер жергілікті халыққа өз дінін уағыздау барысында қорқыту, ұрып-соғуға ұшырап, сол елді мекеннен қуылған. Жалпы, «Рақым» шіркеуі өзінің миссионерлерімен қоғам арасында жақсы қарым-қатынас орнағаны жайында хабардар етті. Шіркеудің бас кеңсесі орын тепкен Қарағанды облысының әкімшілігі шіркеу басшыларын қоғамдық жиындарға шақырып, АҚШ елшілігімен кездесу барысында ашық түрде шіркеудің атқарған қызметін мақтады.

Баспасөз бірнеше Парламент мүшелерінің дәстүрлі емес діни ұйымдарға, соның ішінде йегова куәгерлері мен евангелиялық христиандарға күдікпен қарайтындықтарын білдіргендерін жария етті. Ислам, орыс православиясы, римдік католицизм және иудаизм сияқты төрт дәстүрлі дін басылары өздеріне деген жалпы жылы көзқарасқа ие болса, шағын діни топтар мұндай мәртебеге ие болмады. Бірақ баяндамада қамтылған уақыт ішінде бұндай сенімсіздік зорлық-зомбылыққа алып келді деген мәлімдемелер болған жоқ.

#### IV Бөлім. АҚШ үкіметінің саясаты

АҚШ үкіметі діни бостандыққа қатысты мәселелерді Қазақстан үкіметімен адам құқықтарын қолдау жөніндегі жалпы саясат аясында қарастырады. АҚШ ресми өкілдері экономика және қауіпсіздік саласындағы екі жақты ынтымақтастық адам құқықтарын және діни бостандықты қорғау ісінің ілгерілеуіне үлес қосатынын, бірақ оны алмастырмайтынын баса айтты. Елші және елшіліктің өзге де ресми өкілдері Қазақстан үкіметімен діни ұйымдарға әсерін тигізетін заң жобаларын қарастыруы ашық та заңды болуы үшін және сол заң әрбір азаматтың діни бостандығын қолдау туралы мемлекеттің мойнына алған халықаралық міндеттемесіне сай болуы үшін ой-пікір алмасуда.

Экстремизмге қарсы заң қабылданған 2005 жылға дейін АҚШ лауазымды тұлғалары жоғары деңгейде аталмыш заң туралы уайымдаушылықтарын білдірген еді. Заң қабылданғаннан кейін АҚШ лауазымды тұлғалары Қазақстандық әріптестерімен заңның діни практикаға барынша аз шектеу қоятын мәнерде жүзеге асуы туралы келіссөздер жүргізді.

Елші мен елшіліктің өзге ресми өкілдері басқа елшіліктермен және адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдармен бірлесе отырып, Қазақстан үкіметіне діни ұйымдарға әсер ететін заң жобаларын қарастыру барысында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының жанындағы Демократиялық институттар мен адам құқықтары басқармасының сарапшыларының көмегіне және тәжірибесіне жүгінуін сұрады. Бұл өтініш 2005 жылдың шілде айында күшіне

енген Ұлттық қауіпсіздік туралы заңға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға да қатысты. Елші бірнеше сұхбатқа қатысып, ашық түрде АҚШ-тың діни бостандықты және басты құқықтарды қорғайтын халықаралық үлгілеріне сай емес заң жобаларына қарсы екендігін білдірді.

Елшілік пен АҚШ Мемлекеттік департаментінің ресми өкілдері ғибадат ету орындарын аралап, дін басыларымен кездесулер өткізді. Сонымен қатар, үкіметтің лауазымды тұлғаларымен уайымдаушылық туғызып отырған нақты мәселелерді талқылады.

Елшілік сан алуан діни қауымдастықтармен байланысын үзбей, олардың конституциялық және адам құқықтарына нұқсан келген жағдайлар туралы хабарлап отырды. Мемлекеттік департамент өкілдері үкімет лауазымды тұлғалары және елдегі діни ұйымдардың басшыларымен кездесіп тұрды, және заңның тиісті деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында елшілік қызметкерлері жергілікті қысым көрсету мәселелерін шешуге тікелей араласатын мемлекет басшыларымен болған кездесулерде сол мәселелерді үнемі көтеріп отырды. АҚШ-тың жоғары лауазымды тұлғалары Қазақстандық әріптестерімен кездесіп, діни бостандық төңірегінде туындаған алаңдатушылықтар туралы сөз қозғады. Елшілік қызметкерлері тіркелу ісінде көмек көрсету мақсатында діни ұйымдарды ел ішіндегі заңнамалық ресурс көздерімен таныстырды.

Аймақтық Мир ТВ телеарнасы ұсынған «Америкадағы мұсылмандар» атты деректі фильмге берген алғысөзінде елші: «Діни бостандық американдық өмір сүру стилінің ең басты құндылықтарының бірі болып табылады», - дей келе, экстремистік идеологияны мұсылман дініне бейбіт сенушіліктен қалай ажырата білу керектігін көрсеткен діни қауымдастық басшыларының даналығын аса жоғары бағалады. Бұл деректі туынды – Америка Құрама Штаттарына тәжірибе алмасу бағдарламасы аясында 2005 жылдың күзінде барып қайтқан үш журналистің еңбегі. Олар онда Америкадағы Ислам жайлы мәлімет жинады. 2006 жылдың басында бұл деректі фильм Түрікменстаннан басқа бүкіл ТМД елдеріндегі жергілікті телеарналарда көрсетілді.

Жыл бойы облыс орталықтарына барған сапарлары барысында елші ғибадат қылу үйлерін аралап, жергілікті дін басыларымен кездесті. Елшіліктің өкілдері діни ұйымдарға қолдау көрсететін жиындарға, діни бостандық пен шыдамдылық мәселесіне арналған қоғамдық дөңгелек столдар мен жарыс сөздерге жиі қатысып тұрды. Елдегі және Вашингтондағы АҚШ ресми өкілдері діни бостандық мәселелерін талқыға салатын үкіметтік емес ұйымдармен жиі байланыста болды. Оның қатарына Алматы-Хельсинки комитеті және Халықаралық адам құқықтарын қорғау жөніндегі комитеттің Қазақстандағы бюросы да кіреді.

2005 жылдың шілде айында АҚШ елшілігі Жастардың демократияны қолдау орталығына Шымкент қаласында діни төзімділік орталығын құруға қаржылай грант бөлді. Оңтүстік Қазақстанның облысында елдегі бүкіл мешіттердің 30 пайызы орналасқан. 2006 жылдың 27 сәуірінде орталықтың ашылу салтанаты өтті.

Оған сол өңірдің көптеген діни бірлестіктерінің басшылары және ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Бұл орталық қоғамдастықтың мүшелеріне әлем діндері, қоғамтану, теология және діни антропология туралы кітаптар мен мақалалармен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онда діннің демократиялық қоғамдағы рөлі және қоғамдық мәселелерді шешудегі ықпалы жайлы айлық семинарлар өтіп тұрады. Орталық қызметкерлері дін және қоғам жетекшілерімен тізе қосып, қоғамда болып жатқан саяси және әлеуметтік мәселелер аясында дінаралық форумдар және дөңгелек столдар өткізіп тұрады. Оған қоса, теология мен діни төзімділік жөнінде зерттеу жұмысымен шұғылданатын студенттерге, мұғалімдерге және басқаларға Интернетті еркін пайдалануға мүмкіндік бар.

2004 жылы АҚШ үкіметі Қазақстанның жалпы даму стратегиясына дін туралы бөлімді қосты. Бұл жоспарды жүзеге асырушылар мен Ташкентте орналасқан дін, мемлекет және қоғам мәселелері жөніндегі маман Шымкент қаласындағы діни қауымдастықтармен тіл табысып, жақындасуға өз септігін жұмыс істеуде. Шымкент қаласына сапары барысында дін, мемлекет және қоғам мәселелері жөніндегі маман діни ұйымдардың басшыларымен кездесіп, діни даму стратегиясын іске асырып жатқан ұйымдардың азаматтық қоғамның дамуына қосатын үлесін жария етті. Бұған қоса, елшіліктің өкілдері бұл ұйымдардың қызметкерлерімен кездесіп, жергілікті діни ұйымдардың басшыларына керек болған жағдайда қол ұшын созуды сұрады. 2006 жылдың маусым айында АҚШ үкіметі Қазақстан үкіметінің лауазымды тұлғасы мен жергілікті діни ұйымдардың басшыларына Тәжікстанда өткен «Діннің бейбітшілік пен тұрақтылықты ілгерілетудегі рөлі» атты конференцияға қатысуына демеу көрсетті.

Баяндама қамтыған уақыт арасында елшілік дін басылары мен адам құқықтарын бақылаушыларға арналған тәжірибе алмасу бағдармаларын жүзеге асырып, өткен бағдарламалардың түлектерінің кездесуін қаржыландыруға атсалысты. Бұл басқосуға 2003-2004 жылдары «Америкадағы Ислам» бағдарламасы бойынша АҚШ қалаларын аралап, американдық діни ұйымдардың басшыларымен кездескен мұсылман дін басылары мен ұстаздары қатысты.